Диссертациялық кеңес
туралы үлгі ережеге
5-қосымша

6D011900 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін Байгулина Эльмедира Аркабаевнаның «Кәсіби бағытталған оқыту жағдайында болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясына

ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертация тақырыбы жоғары білім беру жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби даярлығын жетілдіру міндеттерімен мазмұндық тұрғыдан **сәйкес келеді**. Зерттеу болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған. Осы мақсатта кәсіби бағытталған оқыту моделі мен оқу-әдістемелік кешен әзірленіп, педагогикалық экспериментте сынақтан өткізілген.
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);	
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі **үлесін қосады**/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Жұмыс ғылымға **үлес қосады**, оның маңыздылығы ашылған. Үлес болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін лингвистикалық, прагматикалық және пәндік-кәсіби субқұзыреттіліктердің бірлігі ретінде нақтылауымен, төрт блоктан тұратын модельді және оны жүзеге асыратын

			кезеңдік әдістемені ұсынуымен сипатталады (29–34, 67–87, 135–163 бб.). Ғылыми мәні кәсіби мәтін, коммуникативтік міндет және пәндік мазмұн арасындағы байланысты оқу үдерісін жобалау деңгейінде ашуында.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) **жоғары**; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	Өзі жазу деңгейі **жоғары**. Авторлық үлес мәтіннің мазмұны бойынша байқалады. Автор кәсіби мазмұнды іріктеген, модель мен дескрипторларды жүйелеген, курс бағдарламасын, жаттығуларды және диагностикалық тапсырмаларды ұсынған (69, 81–87, 101–117, 135–163 бб.; А-К қосымшалары).
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) **негізделген**; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация өзектілігі **негізделген**. Болашақ биологтың шетел тіліндегі ғылыми әдебиетті түсінуі, зерттеу нәтижелерін ұсынуы және кәсіби қарым-қатынасқа қатысуы тілдік даярлықты пәндік мазмұнмен байланыстыруды талап етеді. Кіріспеде әлеуметтік сұраныс пен қолданыстағы даярлықтың мүмкіндіктері арасындағы қайшылықтар көрсетілген (7–9 бб.). 1.3 бөлімде Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық университетінде дайындалған 6B05101 «Биология» ББББ талданған (52-64 бб.).
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) **айқындайды**; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Мазмұны тақырыпты **айқындайды**. Бірінші тарауда шеттілдік коммуникативті құзыреттіліктің теориялық негіздері мен кәсіби бағытталған оқытудың мүмкіндіктері қарастырылады; екінші тарауда модель, лингводидактикалық шарттар және оқу-әдістемелік кешен ұсынылады; үшінші тарауда диагностика, әдістеме және эксперимент нәтижелері баяндалады. Биологиялық терминология, ғылыми мәтін, зертханалық жағдай, кейс және жоба тақырыптың кәсіби бағытын нақтылайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) **сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертация мақсаты мен міндеттері тақырыпқа **сәйкес келеді**. 9-бетте берілген бес міндет ұғымды нақтылау, модель құру, шарттарды анықтау, оқу-әдістемелік кешен әзірлеу және әдістеменің тиімділігін тексеру әрекеттерін қамтиды. Олар үш тараудың құрылымымен және диссертация қорытындылармен жалпы үйлеседі.

		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 1) **толық байланысқан**; 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Бөлімдер **толық байланысқан**. Теориялық ұғымдар, модель, курс және эксперимент бір зерттеу мақсатына бағынады. Модельдің төрт блогы кейінгі әдістемелік сипаттамада жалғасын табады (69–87, 135–163 бб.).
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) **талдау ішінара жүргізілген**; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Салыстырмалы **талдау ішінара жүргізілген**. Автор коммуникативтік құзыреттілік, ESP, CLIL, контекстік және іс-әрекеттік оқытуға қатысты еңбектерді қарастырып, өз моделінің негіздерін айқындайды (15–51, 67–80 бб.). *Алайда, әдебиеттерді мазмұндау басым болғанмен, ұсынылған шешімнің ең жақын аналогтардан айырмашылығы жеткілікті жүйеленбеген. 80-беттегі әр тәсілді бір принциппен және бір субқұзыреттілікпен тікелей сәйкестендірудің негізі де түсіндіруді қажет етеді: аталған тәсілдер бірнеше компонентке қатар ықпал етуі мүмкін*.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? 1) **толығымен жаң**а; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Ғылыми нәтижелер мен ережелер **толығымен жаңа**. Жаңалық кәсіби биологиялық мазмұнды, үш субқұзыреттілікті, кезеңдік тапсырмалар жүйесін және диагностиканы бір әдістемелік құрылымда байланыстырудан көрінеді. Модельдің пәндік бейімделуі мен оқу-әдістемелік кешен авторлық нәтижелер ретінде бағаланады (69–87, 101–117 бб.).
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма? 1) **толығымен жаңа**; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Қорытындылар **толығымен жаңа**. Диссертацияның негізгі қорытындылары болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыруға қатысты авторлық нәтижелерге негізделген. Зерттеуде биологтардың кәсіби қарым-қатынас міндеттеріне сай лингвистикалық, прагматикалық және пәндік-кәсіби субқұзыреттіліктердің мазмұны нақтыланған. Осы үш субқұзыреттілікті кезең-кезеңімен қалыптастыру үшін биология саласындағы ғылыми мәтіндерді, кәсіби жағдаяттарға құрылған тапсырмаларды және бағалау өлшемдерін өзара байланыстыратын модель әзірленіп, оны «Коммуникативтік практикум» курсы арқылы іске асыру жолы көрсетілген (177–181бб.).

			Эмпирикалық қорытынды осы әдістеме қолданылған эксперименттік топтың бастапқы және қорытынды нәтижелерін салыстыруға сүйенеді. 32-кестеде лингвистикалық, прагматикалық және пәндік-кәсіби субқұзыреттіліктердің үшеуі бойынша да оң динамика көрсетілген (171–172-бб.). Бұл деректер ұсынылған әдістеме қолданылған нақты оқу жағдайында студенттердің көрсеткіштері қалай өзгергенін сипаттайды.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде **негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Негізгі қорытындылардың теориялық және сипаттамалық тұрғыдан **негізделген**. Диссертацияның негізгі қорытындылары әдебиеттерді талдауға, әзірленген модель мен оқу-әдістемелік материалдарға және педагогикалық эксперимент нәтижелеріне сүйенеді. 32-кестеде эксперимент тобындағы үш субқұзыреттілік бойынша оң динамика көрсетілген (171–172 бб.). Жалпы құзыреттілік деңгейін есептеу тәртібін нақтылау жиынтық нәтижелерді тексеруге мүмкіндік береді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ;	**1-тұжырым. Болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігінің мәні мен құрылымы** 7.1. **Дәлелденді**. Тұжырым ғылыми әдебиеттерді талдау және биологтардың кәсіби қарым-қатынас міндеттерін саралау негізінде дәйектелген. Лингвистикалық, прагматикалық және пәндік-кәсіби субқұзыреттіліктердің мазмұны ашылып, әрқайсысына дескрипторлар ұсынылған (29–34, 80–87 бб.). 7.2. **Тривиалды емес.** Ұсынылған құрылым биологиялық терминдерді меңгеруді, тілдік құралдарды қарым-қатынас мақсатына сай таңдауды және биология саласындағы ғылыми ақпаратты шетел тілінде түсіндіріп, талқылай білуді жеке оқу нәтижелері ретінде сипаттауға мүмкіндік береді.

		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	7.3. **Жаңа.** Жаңалық шеттілдік коммуникативті құзыреттіліктің құрылымы болашақ биологтардың кәсіби міндеттеріне сай нақтыланып, оның құрамдас бөліктерінің мазмұны мен дескрипторлары айқындалуынан көрінеді. 7.4. Қолдану деңгейі – **жоғары**: Болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін лингвистикалық, прагматикалық және пәндік-кәсіби субқұзыреттіліктерге жіктеу кәсіби шетел тілі курсының оқу нәтижелері мен бағалау өлшемдерін айқындауға негіз болады. Бұл құрылымды жаратылыстану бағытындағы сабақтас білім беру бағдарламаларына да бейімдеуге болады. 7.5. **Иә**. Тұжырымның теориялық негіздері № 1, № 2 және № 6 мақалаларда көрініс тапқан. № 6 мақалада коммуникативтік құзыреттілік ұғымы қарастырылған. № 1 мақалада жаратылыстану бағытындағы студенттердің шеттілдік коммуникативті құзыреттілігінің құрамдас бөліктері сипатталған. № 2 мақалада осы құзыреттілікті биология мамандығы студенттерінде қалыптастырудың тұжырымдамалық негіздері қарастырылған. Диссертацияда құзыреттіліктің құрылымы болашақ биологтардың кәсіби қарым-қатынас міндеттеріне сай нақтыланған. **2-тұжырым. Шеттілдік коммуникативті құзыреттілікті қалыптастыру моделі** 7.1. **дәлелденді.** Диссертацияда мақсаттық, тұжырымдамалық, мазмұндық-іс-әрекеттік және бағалау-нәтижелік блоктардан тұратын модель ұсынылған. Әр блоктың қызметі сипатталып, оқыту мақсатының кәсіби мазмұнмен, тапсырмалар жүйесімен және бағалау өлшемдерімен байланысы көрсетілген (69–87 бб.). 7.2. **Тривиалды емес**. Модель құзыреттіліктің әр құрамдас бөлігін оқу мазмұнымен, оны меңгертуге арналған тапсырмалармен және нәтижені бағалау өлшемдерімен байланыстырады. Осы байланыстар арқылы модельді

			«Коммуникативтік практикум» элективті курс бағдарламасына енгізу жолы көрсетілген. 7.3. **Жаңа**. Авторлық жаңалық модельдің мазмұндық құрылымынан көрінеді. Болашақ биологтардың кәсіби қарым-қатынас міндеттері үш субқұзыреттілікпен, оқыту кезеңдерімен және бағалау құралдарымен бір жүйеде байланыстырылған. 7.4. Қолдану деңгейі – **кең**. Модельдің құрылымын болашақ биологтарды даярлауда және жаратылыстану бағытындағы сабақтас білім беру бағдарламаларында кәсіби шетел тілі курстарын жобалау үшін пайдалануға болады. Оқу мақсатын, пәндік мазмұнды, тапсырмалар жүйесін және бағалауды өзара байланыстыру қағидаты сақталады. Кәсіби мәтіндер, коммуникативтік жағдаяттар мен бағалау өлшемдері әр бағдарламаның оқу нәтижелеріне сай бейімделеді. 7.5. **Иә**. Екінші тұжырымның негізгі мазмұны № 1 мақалада көрініс тапқан. Онда жаратылыстану бағытындағы білім беру бағдарламалары студенттерінің шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін қалыптастырудың құрылымдық-мазмұндық моделі ұсынылған. Модельдің тұжырымдамалық блогына қатысты тәсілдер мен қағидаттар № 2 мақалада қарастырылған. Бағалау-нәтижелік блогына қатысты құзыреттіліктің қалыптасу өлшемдері № 4 мақалада сипатталған. Диссертацияда осы құрамдас бөліктер болашақ биологтарды кәсіби даярлау міндеттеріне сай біртұтас модельге біріктірілген. **3-тұжырым. Шеттілдік коммуникативті құзыреттілікті қалыптастырудың лингводидактикалық шарттары** 7.1. **Дәлелденді.** Болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыруға арналған лингводидактикалық шарттар теориялық тұрғыдан негізделген (88–100 бб.). Биология бағдарламасына сай кәсіби мазмұнды іріктеу, оны меңгеруге арналған оқыту әдістері мен ресурстарын қолдану және құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін бағалау «Коммуникативтік практикум» курсында өзара

			байланыста жүзеге асырылған. Эксперимент тобында үш субқұзыреттілік бойынша байқалған оң динамика ұсынылған шарттар жиынтығын осы оқу жағдайында қолданудың нәтижелі болғанын көрсетеді. 7.2. **Тривиалды емес**. Тұжырымда биология бағдарламасының талаптарына сай мазмұн іріктеу, оны кәсіби коммуникативтік тапсырмалар арқылы меңгерту және нәтижені тиісті өлшемдермен бағалау өзара байланысты шарттар ретінде қарастырылған. 7.3. **Жаңа**. Жаңалық белгілі лингводидактикалық шарттарды болашақ биологтардың кәсіби қарым-қатынас міндеттеріне сай жүйелеуден және олардың ұсынылған модельдегі қызметін нақтылаудан көрінеді. 7.4. Қолдану деңгейі – **орташа**. Шарттар болашақ биологтарға кәсіби бағытта шетел тілін оқытуда қолдануға арналған. Оларды сабақтас бағдарламаларға енгізу пәндік мазмұнды, кәсіби жағдаяттарды және диагностикалық құралдарды бейімдеуді қажет етеді. 7.5. **Иә**. Тұжырымның негізгі қырлары № 2–5 мақалаларда көрініс тапқан. № 2 және № 3 мақалалар болашақ биологтарды кәсіби бағытта шетел тілінде даярлаудың тәсілдері мен қағидаттарына қатысты. № 5 мақалада элективті курсты әзірлеу мәселесі қарастырылған, ал № 4 мақалада құзыреттіліктің қалыптасу өлшемдері сипатталған. № 7 және № 8 жарияланымдарда диалогтік және полилогтік қарым-қатынас әдістері қарастырылған. Диссертацияда кәсіби мазмұнды іріктеу, оқыту әдістерін қолдану және нәтижені бағалау өзара байланысты шарттар ретінде жүйеленген. **4-тұжырым. «Коммуникативтік практикум» элективті курсының оқу-әдістемелік кешені** 7.1. **Дәлелденді**. Оқу-әдістемелік кешеннің әзірленуі курс бағдарламасымен, силлабуспен, жаттығулар жүйесімен, глоссариймен және диагностикалық тапсырмалармен

			расталады. Материалдардың мазмұны үш субқұзыреттілікті кезең-кезеңімен қалыптастыруға бағытталған (101–117 бб., тиісті қосымшалар). 7.2. **Тривиалды емес**. Кешенде биологиялық мәтіндер, кәсіби қарым-қатынас жағдаяттары және бағалау тапсырмалары нақты оқу нәтижелеріне сәйкестендірілген. Студенттер биологиялық ақпаратты түсіну, оны кәсіби терминдермен жеткізу және шетел тілінде талқылау дағдыларын өзара байланыста дамытады. 7.3. **Жаңа**. Жаңалық «Коммуникативтік практикум» курсының мазмұны мен тапсырмалар жүйесінің 6В05101 «Биология» білім беру бағдарламасына арнайы әзірленуінен көрінеді. Кешен үш субқұзыреттілікті қалыптастыруға арналған оқу материалдары мен диагностикалық құралдарды біріктіреді. 7.4. Қолдану деңгейі – **орташа**. «Коммуникативтік практикум» оқу-әдістемелік кешенінің материалдарын 6В05101 «Биология» білім беру бағдарламасындағы элективті курста, кәсіби шетел тілі бойынша практикалық сабақтарда және студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыруда пайдалануға болады. Тапсырмаларды оқу мақсатына және студенттердің тілдік даярлық деңгейіне қарай іріктеп қолдануға мүмкіндік бар. 7.5. **Иә**. Тұжырымның негізгі мазмұны № 5 мақалада көрініс тапқан. Мақалада биология мамандығы студенттерінің шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыруға арналған элективті курсты құру мәселесі қарастырылған. № 4 мақалада сипатталған бағалау өлшемдері кешеннің диагностикалық бөлігімен сабақтас. Курстың практикалық мазмұны № 11 оқу құралында берілген. **5-тұжырым. Ұсынылған әдістеменің эксперименттік нәтижелері** 7.1. **Дәлелденді**. Педагогикалық экспериментке 81 студент қатысты. 32-кестеде эксперимент тобындағы лингвистикалық, прагматикалық және пәндік-кәсіби субқұзыреттіліктер бойынша оң динамика көрсетілген. 34-кестеде студенттердің

			жалпы құзыреттілік деңгейлері бойынша жиынтық нәтижелері берілген (171–172-бб.). Бұл деректер зерттелген топта ұсынылған әдістемені қолдану барысында оң өзгерістер байқалғанын көрсетеді. Жиынтық нәтижелердің есептелуін тексеру үшін үш субқұзыреттілік бойынша алынған балдардың қалай біріктірілгенін және әр студенттің жалпы деңгейі қандай ережемен анықталғанын нақтылау қажет. 7.2. **Тривиалды емес.** Тұжырым кезеңдік әдістемені қолдану барысында студенттердің бастапқы және қорытынды көрсеткіштерін салыстыруға сүйенеді. Үш субқұзыреттіліктің нәтижелері бөлек берілуі олардың әрқайсысы бойынша өзгерісті бағалауға мүмкіндік береді. 7.3. **Жаңа**. Жаңалық болашақ биологтарға арналған кезеңдік әдістеменің нақты оқу жағдайында сыналуынан және үш субқұзыреттіліктің қалыптасу динамикасы жөнінде деректер алынуынан көрінеді. 7.4. Қолдану деңгейі – **орташа**. Эмпирикалық қорытынды бір университеттің биология бағдарламасына және зерттеуге қатысқан 81 студентке қатысты. Нәтиженің басқа оқу жағдайларында қайталануын анықтау үшін қосымша зерттеу қажет. 7.5. Тұжырымның әдістемелік мазмұны № 7 мақалада және № 11 оқу құралында **көрініс тапқан**. № 7 мақалада болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыруда диалогті қолдану ерекшеліктері қарастырылған. № 11 оқу құралында ұсынылған әдістемені жүзеге асыруға арналған практикалық материалдар берілген. Әдістемені қолдану барысында байқалған өзгерістер диссертацияның эксперименттік тарауында көрсетілген.
8.	Дәйектілік қағидаты. Дереккөздер мен ұсынылған	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған: 1) **ия**; 2) жоқ.	**Ия**, әдіснамалық таңдау **негізделген**. Теориялық негіз ретінде тұлғалық-іс-әрекеттік, контекстік-когнитивтік және интегративтік-коммуникативтік тәсілдер алынған. Әдеби талдау, модельдеу, сауалнама, тестілеу, коммуникативтік

	ақпараттың дәйектілігі		тапсырмалар және педагогикалық эксперимент зерттеу міндеттерімен жалпы үйлеседі (10–11, 67–87, 120–125 бб.).
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: **1) ия;** 2) жоқ.	**Ия**, компьютерлік технологиялар оқыту материалдары мен цифрлық ресурстарда қарастырылған, нәтижелер кестелер мен диаграммалар арқылы берілген. Деректерді өңдеуде Пирсонның χ^2 критерийі қолданылған (173–175 бб.).
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) **ия**; 2) жоқ.	Ия, педагогикалық эксперимент жүргізілген және **оң динамика көрсетілген**. Алайда теориялық модель мен анықталған байланыстардың толық эмпирикалық расталуы ұсынылған редакцияда жеткілікті дәлелденбеген. Үш субқұзыреттіліктің жеке нәтижелері 32-кестеде бар; 34-кестедегі жалпы деңгейлерді есептеу ережесі ашылмаған. Диагностикалық кілттерде нақты қателер бар, ал 2018-2020 жылдар мен ЖИ құралдарына қатысты сипаттама үйлеспейді. χ^2 тесті соңғы топтық үлестірім айырмашылығын көрсетеді, бірақ модельдің әр компонентінің ықпалын немесе нәтижелердің ұзақ сақталуын тексермейді.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / **ішінара расталған** / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер әдебиеттерге сілтемелермен **ішінара расталған**. Коммуникативтік құзыреттілік, ESP, CLIL, контекстік және іс-әрекеттік оқыту жөніндегі еңбектер қамтылған. Алайда, 35 бетте J. Swales туралы пайым [126] дереккөзіне сүйенген, ал тізімдегі 126-позиция М.К. Кабардов пен Е.В. Арцишевскаяның еңбегі болып табылады (188 б.). 123 бетте В.А. Сластенинге [65] сілтеме жасалады, ал 65-позиция А.В. Мудрикке тиесілі (185 б.). 105 позициядағы Canale мен Swain мақаласының жылы 2000 деп берілген; баспаның дерегі бойынша бұл мақала 1980 жылы жарияланған. Бұл сәйкессіздіктер дәлелдер тізбегінің тексерілуін әлсіретеді.

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Әдебиеттер тізімі көлемі мен тақырыптық ауқымы жағынан шолуға **жеткілікті**: 203 позиция келтірілген (182–193 бб.). Отандық, орыс тіліндегі және халықаралық еңбектер қамтылған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы: 1) **бар**; 2) жоқ.	Теориялық **маңызы бар**. Зерттеуде болашақ биологтың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігі үш өзара байланысты субқұзыреттілік арқылы сипатталған. Лингвистикалық субқұзыреттілік биологиялық терминдер мен тілдік құрылымдарды орынды қолдануды, прагматикалық субқұзыреттілік ойды қарым-қатынас мақсаты мен жағдаятына сай жеткізуді, ал пәндік-кәсіби субқұзыреттілік биологиялық үдерістерді түсіндіруді және ғылыми ақпаратты шетел тілінде талқылауды қамтиды. Осы жіктеу кәсіби тапсырманы орындау барысында студенттің тілдік сауаттылығын, қарым-қатынас жағдаятына бейімделуін және пәндік мазмұнды жеткізу дәлдігін жеке өлшемдер бойынша сипаттауға мүмкіндік береді. Төрт блоктан тұратын модель осы оқу нәтижелерін қалыптастыру үшін қандай мазмұн іріктелетінін, қандай тапсырмалар орындалатынын және олардың нәтижесі қандай өлшемдермен бағаланатынын көрсетеді (29–34, 67–100-бб.).
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) **ия**; 2) жоқ.	Практикалық **маңызы бар** және нәтижелерін практикада қолдану мүмкіндігі **жоғары**. 6В05101 «Биология» білім беру бағдарламасының үшінші курс студенттеріне арналған 5 кредиттік «Коммуникативтік практикум» курсы оқытушыға сабақтарды жоспарлауға, кәсіби тапсырмаларды іріктеуге және оқу нәтижелерін бағалауға қажетті материалдар ұсынады. Мысалы, студент биологиялық мәтінді оқып, глоссарийдің көмегімен негізгі ұғымдарды нақтылайды, кәсіби жағдаят бойынша шешімін шетел тілінде негіздейді немесе шағын жобаның нәтижесін таныстырады. Диагностикалық тапсырмалар студенттің терминдерді қолдануын, ойын жағдаятқа сай жеткізуін және биологиялық мазмұнды түсіндіруін бағалауға мүмкіндік береді. Кешенді элективті курс ретінде тұтас пайдалануға, ал оның жекелеген тапсырмаларын

			кәсіби ағылшын тілі сабақтарына және студенттердің өзіндік жұмысына енгізуге болады (101–117 бб., А–К қосымшалары).
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма? 1) **толығымен** жаңа; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Практикалық ұсыныстар **толығымен жаңа**. 180–181 беттерде берілген практикалық ұсыныстардың болашақ биологтарды даярлауға арналған тұтас жүйесіне қатысты. Ұсыныстарда биологиялық мәтіндерді іріктеу, оларды кәсіби қарым-қатынас тапсырмаларына айналдыру және студенттің нәтижесін үш субқұзыреттілік бойынша бағалау өзара сабақтастырылған. Оқыту биологиялық терминдер мен ғылыми мәтіндерді меңгеруден басталып, кәсіби жағдаятта пікір алмасуға, одан әрі ғылыми ақпаратты талдап, жоба нәтижесін шетел тілінде ұсынуға ұласады. Осы реттілік «Коммуникативтік практикум» курсының мазмұнында, тапсырмалар жүйесінде және диагностикалық материалдарында нақтыланған. CLIL элементтері, кейс және жоба әдістері осы жүйеде нақты оқу міндеттерін шешуге қызмет етеді. Жасанды интеллект құралдарын қолдану курсты одан әрі жетілдіруге арналған практикалық ұсыныс ретінде қарастырылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) **жоғары**; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертацияның академиялық жазу сапасы **жоғары**. Жұмыс ғылыми стильде жазылған, құрылымы жүйелі, негізгі ұғымдар мен нәтижелер бірізді берілген. Жұмыстың жалпы құрылымы диссертациялық зерттеуге сай, негізгі ұғымдар мен тараулардың міндеттері түсінікті, әдістемелік мысалдар жеткілікті. *Сонымен бірге қайталанатын түсіндірмелер, терминологиялық ауытқулар, сөйлемдердің толық аяқталмауы және сілтеме қателері кездеседі. Мысалы, КБО – «кәсіби бағытталған оқыту», «кәсіби бағытталған шетел тілін оқыту» (39 б.), «коммуникативтік-бағытталған оқыту» (180 б.). Жекелеген тілдік және техникалық түзетулер қажет болғанымен, олар диссертацияның жалпы ғылыми деңгейіне елеулі әсер етпейді.*
11.	Диссертацияға ескертулер		*Диссертацияға қатысты ескертулер мен ұсыныстар* 1) ChatGPT және Copilot қолданылатын тапсырмалардың курстың қай нұсқасына енгізілгенін нақтылау ұсынылады (159–

			163-бб.). Бұл нақтылау кіріспеде көрсетілген 2018–2020 жылдардағы педагогикалық экспериментте қолданылған оқу материалдарының құрамын айқындауға мүмкіндік береді (11-б.). 2) 34-кестеде студенттердің жалпы құзыреттілік деңгейлері бойынша жиынтық нәтижелер берілген (172-б.). Осы нәтижелердің есептелуін тексеру үшін үш субқұзыреттілік бойынша алынған балдардың қалай біріктірілгенін және әр студенттің жалпы деңгейі қандай ереже бойынша анықталғанын көрсету ұсынылады. 3) Диагностикалық тапсырмалардың жауап кілттерін нақтылау қажет. Д қосымшасының 1.4-тапсырмасында бастапқы дыбысы өзгеше сөз – chromosome, ал 3 қосымшасының 1.1-тапсырмасында негізгі екпіні екінші буынға түсетін сөз – ecology (229, 234-бб.). Егер диссертацияда берілген кілттер экспериментте балл қою үшін қолданылса, түзетулердің нәтижелерге ықпалын тексеру қажет. Бастапқы және қорытынды тапсырмалардың салыстырмалылығы мен олардың B2 дескрипторларына сәйкестігін қысқаша түсіндіру диагностика сипаттамасын толықтырар еді. 4) Эксперименттік және бақылау топтарының қалай қалыптастырылғанын, бақылау тобында оқыту қалай ұйымдастырылғанын және студенттердің тапсырмалары қандай тәртіппен бағаланғанын нақтылау ұсынылады. Бұл мәліметтер екі топтың нәтижелерін салыстыруға негіз болған оқу жағдайларын айқын сипаттауға мүмкіндік береді (120–121-бб.). 5) Әдістеме мен курс құжаттарын өзара сәйкестендіру ұсынылады. Атап айтқанда, Unit 4-тің қай оқыту кезеңіне жататынын бірізді көрсету (162–165-бб.) және силлабустағы оқу нәтижелерін болашақ биологтардың кәсіби қарым-қатынас міндеттеріне сай нақтылау қажет (195-б.). Мәтінді редакциялау барысында кестелердің нөмірлері, әдебиеттерге сілтемелер және негізгі терминдердің қолданысы біріздендірілгені жөн.

			Ескертулер эксперимент рәсімдерінің сипаттамасын нақтылауға, нәтижелерді тексеру мүмкіндігін арттыруға және оқу-әдістемелік материалдарды өзара сәйкестендіруге бағытталған. *Диссертацияның ғылыми және практикалық құндылығы болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігінің құрылымын нақтылаудан, оны қалыптастыру моделін әзірлеуден және осы модельді оқу үдерісінде іске асыруға арналған кешен ұсынудан көрінеді.*
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Диссертанттың зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған мақалаларының ғылыми деңгейі жоғары деп бағаланады. Жарияланымдар диссертацияның негізгі бағытымен тікелей байланысты және болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру мәселесін әртүрлі қырынан ашады: тілдік емес жоғары оқу орны студенттерінің шеттілдік коммуникативті құзыреттілігі кәсіби бағытталған оқыту аясында пәнаралық байланысты пайдалану негізінде қалыптасады және олардың кәсіби іс-әрекет саласында коммуникативті міндеттерді шешудегі, ақпаратты іздестіріп талдаудағы, сондай-ақ өзі таңдаған мамандығы бойынша шетел тіліндегі ғылыми әдебиет-құжаттармен жұмыс жасаудағы қабілеттілігі мен даярлығы ретінде қарастырылады. Диссертацияда докторанттың зерттеу нәтижелері 1 Scopus мақаласында, Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдардағы 6 мақалада және отандық әрі шетелдік конференциялардағы 3 жарияланымда және 1 оқу құралы апробацияланғаны көрсетілген. Бұл жарияланымдар зерттеу нәтижелерінің ғылыми ортада талқыланғанын және диссертация тақырыбы бойынша жүйелі жұмыс жүргізілгенін дәлелдейді. Мақалалардың мазмұны диссертациядағы негізгі ғылыми нәтижелермен сәйкес келеді. Атап айтқанда, «Structural and content model for the formation of foreign-language communicative competence in students of natural science specialties within

			professionally oriented education», «Conceptual principles and approaches for the formation of professionally foreign language communicative competence of the students "Biology" speciality», «Коммуникативтік құзіреттілік тұжырымдамасы» атты мақалалар диссертацияның теориялық және әдістемелік тұжырымдарын нақтыласа. «Building an elective course aimed at the formation foreign language communicative competences of students of specialty "Biology"». «Peculiarities of using dialogue in forming foreign language communicative competence of student's biologist», «A. Professionally oriented foreign language training of future biologists» жұмыстың практикалық қырларын нақтылайды. *Бұл жарияланымдар диссертациялық зерттеу тақырыбы мен мазмұнына толық сәйкес келеді. Жарияланымдардың сапасы мен саны PhD дәрежесін қорғау үшін белгіленген талаптарға толық сәйкес келеді.*
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		Байгулина Эльмедира Аркабаевнаның 6D011900 – «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша ұсынылған «Кәсіби бағытталған оқыту жағдайында болашақ биологтардың шеттілдік коммуникативті құзыреттілігін қалыптастыру» тақырыбындағы диссертациясы – дербес ғылыми зерттеу. Жұмыстың ғылыми және практикалық маңызын, әзірленген әдістемелік модель мен оқу-әдістемелік кешенді ескере отырып, диссертацияны оң бағалаймын және Байгулина Эльмедира Аркабаевнаға философия докторы (PhD) дәрежесін беруді ұсынамын.

Ресми рецензент:

Елубаева П. К.
педагогика ғылымдарының кандидаты
қауымдастырылған профессор
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Алматы қ., Қазақстан

РАСТАЙМЫН
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің кадрларды даярлау және аттестаттау бөлімінің басшысы
ЗАВЕРЯЮ
Начальник управления подготовки и аттестации научных кадров Каз. нац. ун. им. аль-Фараби
«05» 11